



## Облыстық № 2 әмбебап ғылыми кітапханасы Әдістеме – библиография бөлімі

### 2017 жылға берілген Арқалық қаласының атаулы күндер күнтізбегі



Арқалық 2017





## Құрастырушыдан

Облыстық № 2 әмбебап ғылыми кітапханасы сіздердің назарларыңызға 2017 жылға берілген Арқалық қаласы және аймағының атаулы күндері және оқиғалар күнтізбегінің кезекті шығарылымын ұсынып отыр.

Бұл көрсеткіш Арқалық қаласының тарихы туралы біздің кітапханада бар мәліметтерді оқырмандарға жеткізу мақсатында құрастырылады.

Ақпараттық құралға Торғай өңірінен шыққан атақты адамдардың мерейтойлары, мекемелер мен кәсіпорындардың, қалалар мен аудандардың, селолардың мерейтойлық даталары енгізілген.

Көпшілікке танымал көптеген белгілі қайраткерлердің өмірі мен атқарған қызметтері жайлы мәліметтер табуға болады.

Атап айтсақ, Амангеді ауданындағы Амангелді халық театры (80 ж.), көрнекті қазақ жазушысы, аудармашы Т.С. Әбдікұлы (75 ж.), халық дәрігері А.Әлмағамбетов (90 ж), жазушы-журналист, қоғам қызметкері Б.Әлмағамбетов (90 ж), Қазақстан Жазушылар одағының және Қазақстан Журналистер одағының мүшесі Қ.Әлім (70 ж.), келер ұрпақ үшін көз майын тауысып білім нәрін сепкен, талай жылдар бойы Жангелдин аудандық оқу бөліміне жетекшілік еткен, Қазақстанның еңбегі сіңген мұғалімі Ғ. Әмірханов (90 ж.), қазақ музыкасының іргесін қаласқан композитор, Қазақстанның еңбек сіңірген өнер қайраткері Б.Байқадамов (100 ж.), ағартушы-педагог, этнограф, журналист-аудармашы Н.С. Құлжанова (130 ж.) жайлы мәліметтер берілген.

2017 жылғы мерейтой иелерінің ішінде мәдениет, өнер саласының еңбек сіңірген қызметкерлері - сазгер, ұстаз, күйші Жұмағали Сүлейменұлы Өмірбеков (75 ж.), Торғай облыстық қазақ музыка – драма театрының құрылғанына 45 жыл (1972), Қазақстанның халық артисі, әнші Айсұлу Байқадамова (90 ж.), Амангелді аудандық мәдениет үйіне 50 жыл (1967.), Арқалық қаласындағы саз мектебіне Бақытжан Байқадамов есімінің берілгеніне 35 жыл (1982.), ақын Таңатқан Сәтбайұлының туғанына (75 ж.) толып отыр.

2017 жылдың негізгі оқиғалары мен мерейтойлық күндері: Астана қ. өтетін ЕХРО-2017 халықаралық көрмесі, Алматы қ. өтетін Бүкіләлемдік қысқы универсиада, Туризмді тұрақты дамытудың халықаралық жылы, «Алаш» саяси партиясының рәсімделуіне негіз салған І-Жалпықазақ съезі (100 жыл), ҚР Мемлекеттік рәміздері бекітілгеніне 25 ж., ҚР Қарулы күштері құрылғанына 25 ж.

Басылым негізінен студенттер мен оқытушыларға, ұстаздарға, мекеме қызметкерлеріне, кітапханашыларға және туған жерінің тарихын танығысы келген барша оқырмандарға арналған.

## Арқалық қаласы және аймағының 2017 жылы аталып өтілетін және еске алынатын күндер

### Қаңтар

- 8** – жазушы, журналист **Мұхамбетжан Сералиннің** туғанына 145 жыл (1872 -1929).
- 9** – «Егемен Қазақстан» газетінің қызметкері, Қазақстан Журналистер одағы М. Дулатов атындағы сыйлықтың иегері, журналист **Қайсар Әлімнің** туғанына 70 жыл (1947).  
**Қараңыз:** Туған елін қарасөзбен жырлаған [Мәтін] : Белгілі қаламгер Қайсар Әлім – 50 жаста // Торғай таңы. - 1997. - 6 қаңтар.

### Ақпан

- 1** – сазгер, ұстаз, күйші **Жұмағали Сүлейменұлы Өмірбековтің** туғанына 75 жыл (1942).
- 23** – ұстаз, қажы **Ғазез Әмірханұлының** туғанына 90 жыл (1927-2005).
- 25** – бұдан 40 жыл бұрын «Союз – 24» космос кораблының экипажы жұмыс программасын аяқтағаннан кейін космонавтар Виктор Васильевич Горбатко мен Юрий Николаевич Глазков Арқалық қаласынан Солтүстік Шығысынан 36 км жерге қонды.  
**Қараңыз:** Космос қырандары Торғай жеріне қонды // Торғай таңы. - 1977. - 26 ақпан.

### Наурыз

- 1** – мемлекет және қоғам қайраткері педагог, публицист **Елдес Омаровтың** туғанына 125 жыл (1892-1937).  
**Қараңыз:** Қазақстан : Ұлттық энциклопедия [Мәтін] : / Бас редактор Бүркітбай Аяған. – Алматы, 2004. - Т. 6. - 648 б.
- 11** - Қазақстанның еңбек сіңірген өнер қайраткері, композитор **Бақытжан Байқадамовтың** туғанына 100 жыл. (1917-1977).
- 22** – Қазақстан халық жазушысы, қоғам және мемлекет қайраткері, Қазақстан ҒА-ның академигі, Социалистік Еңбек Ері **Ғабит Махмұтұлы Мүсіреповтің** туғанына 115 жыл (1902-1985).  
**Қараңыз:** Қазақстан : Ұлттық энциклопедия [Мәтін] : / Бас редактор Бүркітбай Аяған. - Алматы, 2004. - Т. 6. - 648 б.

### Сәуір

- 22** – Торғай облысының таратылғанына 20 жыл (1997).  
**Қараңыз:** Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы оңтайлы ету жөніндегі шаралар туралы [Мәтін] : Қазақстан

- Республикасы Президентінің жарлығы. 1997 жылғы. 22 шілде. // Торғай таңы. -1997. - 26 сәуір.
- 23** – Қазақ ССР-ң еңбек сіңірген дәрігері **Ақбайзан Әлмағамбетовтің** туғанына 90 жыл (1927-2004).  
**Қараңыз:** Хайроллаұлы, У. Ақбайзан мен дәрігер егіз ұғым [Мәтін] : Қазақ ССР-ң еңбек сіңірген дәрігері Ақбайзан Әлмағамбетов туралы / У. Хайроллаұлы // Арқалық хабары. - 2005. - 1 шілде.

### Мамыр

- 5** – **Торғай облыстық қазақ музыка – драма театрының** құрылғанына 45 жыл (1972).  
**Қараңыз:** Қазақ ССР-нің 4 томдық қысқаша энциклопедия / бас ред. Р.Н. Нұрғалиев. - Алматы : Алматы, 1987. - 4 том. - 579-580 б.
- 10** – **Арқалық қаласындағы саз мектебіне** Бақытжан Байқадамов есімінің берілгеніне 35 жыл (1982).  
**Қараңыз:** Қазақ ССР Министрлер Кеңесінің қаулылар жинағы. 1982. мамыр № 199.

### Маусым

- 25** – алғашқы саны «Ауыл» деген атпен шыққан, «Қостанай таңы» газетіне 95 жыл (1922).  
**Қараңыз:** Қазақстан: Ұлттық энциклопедия [Мәтін] : / Бас редактор Бүркітбай Аяған. - Алматы, 2004. - Т. 6. - 73 б.
- 25** - әскери ұшқыш, екі мәрте Кеңес Одағының Батыры **Иван Фомич Павловтың** туғанына 95 жыл (1922-1950).

### Шілде

- 4** – ақын **Таңатқан Сәтбайұлының** туғанына 75 жыл (1942-2008).
- 7** – Қазақ ССР Министрлер Советінің қаулысымен Арқалық педагогикалық институтына Ыбырай Алтынсарин есімін берілгеніне 40 жыл (1977).  
**Қараңыз:** Ахатов, Е.Алтынсарин атындағы...../Е. Ахатов // Торғай таңы. – 1977. - 5 қазан ; Қазақ ССР Министрлер Советінің қаулылар жинағы - 1977. - шілде № 325.
- 7** – Журналист **Ділдәбек Қорғанбековтің** туғанына 80 жыл (1937-1986).
- 14** – Облыстық № 2 әмбебап ғылыми кітапханасының құрылғанына 20 жыл (1997).
- 27** – Журналист, ағартушы-педагог, этнограф, журналист-аудармашы **Нәзипа Құлжанованың** туғанына 130 жыл (1887-1934).  
**Қараңыз:** Қазақстан: Ұлттық энциклопедия [Мәтін] : / Бас редактор Бүркітбай Аяған. - Алматы, 2004. - Т. 6. - 109 б.
- 27** – Торғай халық ағарту ісіне үлес қосқан тұңғыш мұғалім **Н.Г. Ивановтың** туғанына 130 жыл (1887-1933).

**Қараңыз:** Әбілхасенов, С. Өнегелі өмір [Мәтін] : [ұстаз Н.Г. Иванов жайлы] / С. Әбілхасенов // Торғай таңы. - 1977. - 5 сәуір.

Жүнісбеков, М. Тұлғалар түлеп ұшқан алтын ұя [Мәтін] : [Николай Гаврилович Иванов мектебі туралы] / М. Жүнісбеков // Қостанай таңы. - 2002. - 24 желтоқсан.

### Қыркүйек

**1 - № 6 орта мектептің** ашылғанына 40 жыл (1977).

**Қараңыз:** Шайман, С. Айқара ашты есігін... [Мәтін] : [№ 6 мектептің

ашылу салтанатынан репортаж] // Торғай таңы. - 1977. - 21 қыркүйек.

**4 – жазушы Төлен Әбдікұлының** туғанына 75 жыл (1942).

**Қараңыз:** Әбдіков Төлен // Қазақстан Ұлттық энциклопедия / Бас ред. Ә. Нысанбаев. - Алматы. - 1999. - Т. 1 - 599 б.

**13 – Журналист Бөгетбай Әлмағамбетовтың** туғанына 90 жыл (1927-2013)

**Қараңыз:** Қозыбаев, О. Әлмағамбетов Бөгетбай // Жизнь замечательных людей краю хлеба иметалла – Алматы : РГЖИ «Дәуір», - 1995. - 64 б.

**17 – ақын, Қазақстанның халық жазушысы Сырбай Мәуленовтың** туғанына 95 жыл (1922-1993).

**Қараңыз:** Мәуленов Сырбай // Қазақстан. Ұлттық энциклопедия / Бас ред. Ә. Нысанбаев. - Алматы, - 1999. - Т. 5. - 429 б.

### Қазан

**1 – мемлекет және қоғам қайраткері, әдебиет сыншысы, публицист Лияс Омаровтың** туғанына 105 жыл (1912-1970).

**Қараңыз:** Қазақстан : Ұлттық энциклопедия [Мәтін] : / Бас редактор Бүркітбай Аяған. - Алматы, - 2004. - Т. 7. - 125 б.

**4 – Қазақстанның халық артисі, әнші Айсұлу Байқадамованың** туғанына 90 жыл (1927-1992).

**Қараңыз:** Байқадамова Айсұлу // Қазақстан: Ұлттық энциклопедия / Бас редактор Ә. Нысанбаев. - Алматы. - 1999. - Т. 2. - 58 б.

**15 – журналист Әмірхан Нұржанұлы Абдуллиннің** туғанына 80 жыл (1937).

**Қараңыз:** Торғай жазушылары [Мәтін] : анықтамалық / Құрастырған Сейіт Кенжеахметов. – Арқалық : « Қазақ тілі» қоғамының Торғай облыстық ұйымы ; Ы. Алтынсарин атындағы Арқалық педагогикалық институтының қазақ тілі мен әдебиеті кафедрасы, 1991.

**15 – комиссар, мемлекет және қоғам қайраткері Кәрім Досжанұлы Тоқтабаевтың** туғанына 125 жыл (1892-1936).

**Қараңыз:** Досжанов, Е. Елін сүйген азамат [Мәтін] : [комиссар Кәрім Тоқтабаевтың туғанына 100 жыл] // Торғай таңы. – 1992. – 22

қыркүйек.

**20** – ақын, прозашы, публицист, қоғам қайраткері, ҚР мәдениет қайраткері **Ораз Нарымбайұлы Нұрғожаның** туғанына 85 жыл (1932-2016).

**Қараңыз:** «Қазақстан жазушылар : XX ғасыр». Анықтамалық. – Алматы : «Ана тілі» баспасы ЖШС. – 2004. – 244 б.

### Қараша

**7** – Амангелді аудандық мәдениет үйіне 50 жыл (1967).

**8** – Арқалық ауданының «Мирный» кеңшарының құрылғанына 45 жыл (1972).

**11** – бұрын Целиноград училищесінің филиалы Арқалық медицина колледжіне 45 жыл (1972)

**18** – «Жас өркен – Қостанай» республикалық қоғамдық, ғылыми-танымдық әдеби-көркем журнал : жарыққа шыққанына 15 жыл (2002).

**Қараңыз:** Әбдібек, Д. Жолың болсын, «Жас өркен»! [Мәтін] / Д. Әбдібек // Қостанай таңы. - 2002. - 19 ақпан. - Б. 1.

**28** – Арқалық қалалық телевидениесіне 45 жыл (1972).

### Желтоқсан

**12** – ғалым, экономика ғылымының докторы, академик **Сайлау Байзақұлының** туғанына 80 жыл (1937)

**Қараңыз:** Байзақов Сайлау Байзақұлы // Қазақ ССР қысқаша энциклопедия [Мәтін] / Бас. ред. Р. Н. Нұрғалиев. – Алматы, 1988. - Т. 3. – 117 б.

Әлім, Қ. Ғылымның қия асуы [Мәтін] : [ғалым Сайлау Байзақұлы Байзақов туралы] / Қ. Әлім // Торғай - 1998. - 24 шілде.

**14** – ғалым, профессор **Әнуар Байжұманұлының** туғанына 80 жыл (1937).

**Қараңыз:** Жүнісұлы, Ж. Жол тартты жақсылардың ізіменен [Мәтін] : [профессор Әнуар Байжұманұлы туралы] / Ж. Жүнісұлы // Торғай. -1998. - 9 қаңтар.

## 2017 жылы айы, күні белгісіз аталып өтетін және еске алынатын күндері

- . ақын Қарсақ Қопабайұлының туғанына **135 жыл** (1882).
- . ақын Нұрхан Ахметбековтің туғанына **115 жыл** (1902-1961).
- . Арқалық қалалық демалыс паркі ашылуына **40 жыл** (1977).
- . Арқалық қаласында педагогикалық институттың ашылғанына 45 жыл (1972).
- . Ардагерлер ұйымының құрылғанына **35 жыл** (1987).
- . Арқалық аудандық ішкі істер бөліміне **40 жыл** (1977).
- . Арқалық ауданының Қайыңды кеңшарының құрылғанына 60 жыл (1957).
- . Амангелді аудандық почта үйіне **60 жыл** (1957).
- . Амангелді халық театрының құрылғанына **80 жыл** (1937).
- . Амангелді ауданының Байғабыл орта мектебінің құрылғанына 80 жыл (1937).
- . Кенесары қозғалысына қатысқан батыр Жәуке Назарғұлұлының туғанына **195 жыл** (1822-1904).

### Арқалық қаласының 2017 жылы аталып өтілетін және еске алынатын күндері (қысқаша мәліметтер мен әдебиеттер)

**Құрылғанына**

*Амангелді халық театры*  
**(1937)**

**80 жыл**



Амангелді халық театры - әуесқой драма ұжымы Қостанай облысы Амангелді ауданы Мәдениет үйі жанынан 1937 жылдан жұмыс істеп келе жатқан драма үйірмесі негізінде құрылды Жетекшісі тұңғыш Республикалық айтыстың жеңімпазы, Торғайлық ақын, Республикалық Абай

атындағы әдеби сыйлықтың иегері Нұрхан Ахметбеков болды.

Алғаш рет Мұхтар Әуезовтің «Еңлік – Кебек» және Ғабит Мүсіреповтің «Қозы Көрпеш – Баян сұлуын» сахнаға шығарды. 1960 жылы «Халық театры» атағы берілді. Театр репертуарында ұлттық және орыс, татар драматургтерінің пьесалары болды. Таңдаулы спектакльдері: жазушы Ғабит Мүсіреповтің «Ақан сері – Ақтоқтысы», «Амангелдісі», Ғабиден Мұстафиннің «Кек алуы», М. Хасеновтің «Жас жұбайлары», Ілияс Есенберлиннің «Ғашықтары» т.б. қойылымдар көрермен назарына ұсынылды.



Ауданаралық алғашқы халық театрының артистері Ғазиза Салықова, Назым Есмағамбетова, Зағипа Қизатова, Шыңғысхан Тұрмұхамбетов, Орман Есмағамбетов, Ахметхан Әбіқаев, Қазыбек Әбенютер жемісті еңбек етіп, халықтың көзайымына айналды.

1971-1981 жылдары Республикалық халық театрлары байқауының лауреаты атанды.

#### Әдебиеттер:

1. Амангелді халық театры // Қазақ мәдениеті. Энциклопедиялық анықтамалық. – Алматы: «Аруна Ltd» ЖШС, 2005. – 51-52 б.
2. Торғай елі. Энциклопедия / Құраст. Т. Рсаев. – Алматы: «Арыс» баспасы, 2013. – 456 б.



#### 4 қыркүйек Әбдікұлы Төлен Туғанына 75 жыл (1942)

Жазушы Төлен Әбдікұлы 1942 жылы Қостанай облысы Жангелдин ауданы, Айса Нұрманов шаруашылығына қарасты Көлқамыс ауылында дүниеге келген.

1960 жылы Қазақ Мемлекеттік университетінің филология факультетіне оқуға түседі. Университетті аяқтаған соң, «Қазақстан пионері», «Жалын» альманахының редакцияларында қызмет жасады. 1977 жылы «Қазақфильм» киностудиясының сценарий бойынша редакция коллегиясының бас редакторы болып тағайындалды.

1979-1989 жылдары Қазақстан КП Орталық комитетінің мәдениет бөлімі нұсқаушысы, сектор меңгерушісі болды.

1989-1991 жылдары «Қазақ әдебиеті» газетінің бас редакторы, Қазақстан Жазушылар одағы басқармасының екінші хатшысы болып тағайындалды. 1994 жылы Елбасы Н. Назарбаевтың басқаруымен ҚР Президентінің мәдениет саласындағы көмекшісі болып тағайындалды.

1997 жылдан күні бүгінге дейін Төлен Әбдікұлы Президент әкімшілігінің ішкі саясат бөлімі меңгерушісінің орынбасары болып қызмет етеді. 1973 жылдан бері Жазушылар одағының мүшесі. Оқырманын ойға жетелейтін, дүние сырына тереңірек үңілдіретін, шығармаларын қазақ баласы сүйініп оқитын жазушының қаламынан «Көкжиек» (1969), «Күзгі жапырақтар» (1971), «Ақиқат» (1974), «Айтылмаған ақиқат» (1980), «Оң қол» (2002) атты әңгімелер мен повестер жинақтары, «Өлара» (1985), «Ақшоқыда қыс қатты» (1987) романдары тандамалы шығармаларының екі томдығы (1992) жарық көрді.

«Біз үшеу едік» атты қойылымы республика театрларында үздіксіз жүріп жатыр. Кинодраматургия саласында да атсалысып, «Қыз Бәтін пен Ерсейіт повесті бойынша «Өтелмеген парыз», «Белгісіз ұлдың тағдыры» атты көркем фильмдердің сценарийлерін дайындады. Шығармалары

бірнеше шет тілдеріне аударылып орыс тілінде «Истина» атты кітабы екі рет басылып шықты. Қаламгерге 2002 жылы «Қазақстанның еңбегі сіңірген қайраткері» атағы берілсе, 2003 жылы «Франц Кафка» атындағы Қазақстандағы ПЕН клуб сыйлығының лауреаты, 2003 жылы Еуропалық алтын медалдің, 2004 жылы «Қазақстан Мемлекеттік сыйлығына» ие болды.

### Шығармалары:



3. Ақиқат [Мәтін] : повесттер мен әңгімелер / Төлен Әбдікұлы. – Алматы: «Жазушы», 1974. – 184 б.
4. Әке [Мәтін] : повесттер мен әңгімелер / Төлен Әбдікұлы. – Алматы: Қайнар, 2006.- 384 б.
5. Күзгі жапырақтар [Мәтін] : повесттер / Төлен Әбдікұлы. – Алматы: Жазушы, 1971. – 160 б.
6. Оң қол [Мәтін] : повесттер мен әңгімелер / Төлен Әбдікұлы. – Алматы: Атамұра, 2002. – 325 б.
7. Өлара [Мәтін] : роман / Төлен Әбдікұлы. – Алматы: Жалын, 1985. – 352 б.
8. Жанна Д, Арк феномені [Мәтін] : Тәуелсіздік толғауы / Төлен Әбдікұлы // Егемен Қазақстан. – 2001. – 21 наурыз.

### Мерзімді басылымдардағы жарияланымдары:

9. Тұғыр мен Ғұмыр [Мәтін] : проза / Төлен Әбдікұлы // Жалын . - 2011. - №2.- Б. 2-31.
10. Қазақстанның болашағы қазақ тілінде [Мәтін] / Төлен Әбдікұлы // Егемен Қазақстан.- 2009.- 23 қаңтар.- Б. б.
11. Ғылымды меңгерген дінбасы немесе дінді игерген ғалым [Мәтін] : Әбсаттар Дербісәлі жайында / Т. Әбдікұлы // Қазақ әдебиеті.- 2007. – 14-20 қыркүйек. – Б. б.

### Ол туралы әдебиеттер:

12. Әбдіков Төлен [Мәтін] // Қазақстан жазушылары [Мәтін] : анықтамалық: 75 жыл / құраст. Саят Қамшыгер, Қайырниса Жұмашева. – Алматы, 2009. – 48 б.
13. Әбдікұлы Төлен [Мәтін] // Қазақстан Республикасында Кімнің Кім екені – Кто есть кто в Республике Казахстан – Who is who : 2004-2006 : српав. / А.З. Асылбеков. – Алматы, 2006. – 1 бөлім. – 123 б.
14. Жақып, Ә. Торғай тарландары [Мәтін] : өмірбаяндық энцикл. / Ә. Жақып. – Астана, 2009. – 20-21 б.
15. Сұлтанов, Қ. Заман және замандастар [Мәтін] : [мақалалар, эссе, портреттер, очерктер] / Қ. Сұлтанов. – Астана, 2009. – 150-155 б.

### Мақалалар, сұхбаттар, әңгімелер:

16. Исабеков, Дулат. Әдебиетті журналистика алмастырған [Мәтін] / Дулат Исабеков // Таң – Шолпан. – 2010. - №1. – Б. 12-15.
17. Исмағұлова, Арайлым. Театрдың жаңа маусымы [Мәтін] / Арайлым Исмағұлова // Қостанай. – («Қостанай» қосымшасы). - 2009. – 27 қазан. – Б. 5.
18. Айқадамова, Айтолқын. Жазушы сыр ақтарды [Мәтін] : [Қостанайға белгілі жазушы келді] / Айтолқын Айқадамова // Қостанай таңы. – 2009. – 20 қазан. – Б. 1.
19. Сегізбаев, Кәдірбек. Қатарың сиремесін, қаламдасым [Мәтін] : [әдебиет мәселесі] / Кәдірбек Сегізбаев // Қазақ әдебиеті. - 2009. - 20-26 ақпан. - Б.7.
20. Тіл – аманат [Мәтін] : [«Аманат» интеллектуалды пікірсайыс клубының кезекті отырысы өтті] / жазып алған Төлен Тілеубай // Жас қазақ. – 2009, - 6 ақпан. – Б. 1,3.
21. Танабаева, Гүлмира. Төлен Әбдікұлының шығармашылық нысаны [Мәтін] / Гүлмира Танабаева // Қазақ тілі мен әдебиеті. – 2008. - №9. – 121-125 б.
22. Төлен Әбдіков: Астана халықтың рухын көтерді [Мәтін] : [сұхбат] / Төлен Әбдіков; әңгімелескен Гүлзина Бектасова // Түркістан. – 2008. – 3 шілде. – Б. 4.
23. Төлен Әбдікұлы: Өз тілінде сөйлей алмайтын мемлекетті толыққанды мемлекет деп айтудың өзі мүмкін емес [Мәтін] : [сұхбат] / Төлен Әбдікұлы ; сұхбаттасқан Айгүл Аханбайқызы // Айқын. – 2008. – 13 мамыр. – Б. 1,3.
24. Жанұзақова, Құралай. Мәңгілік майдан [Мәтін] / Құралай Жанұзақова // Жұлдыз. – 2008. - № 4. – Б. 196-199.
25. Теңізбай, Аққұм. Төлен Әбдікұлы, жазушы «Оң қол» үнемі жүрегімді жылытып тұрады [Мәтін] / Аққұм Теңізбай // Нұр Астана. – 2008. – 16-23 сәуір. – Б. 8.



### Ол туралы әдебиеттер:

26. Абдрахманов, С. Малым - жанымның садағасы, жаным - арымның садағасы [Мәтін] : жазушы Төлен Әбдікұлымен сұхбат / С. Абдрахманов // Егемен Қазақстан. – 2005. – 29

қазан.

27. Абдуллин, Ә. Талант тағылымы [Мәтін] : жазушы Төлен Әбдіков туралы сөз / Ә. Абдуллин // Қостанай таңы. – 2002. – 18 қазан.
28. Әбдіхалық, Ж. Төленнің парасат майданы [Мәтін] : [жазушы Төлен Әбдікұлының «Парасат майданы» кітабы туралы] / Ж. Әбдіхалық // Егемен Қазақстан. – 2002. – 13 қараша.
29. Дәулетбаева, Б. Құпия есіктің құлпын ашқан қаламгер [Мәтін] : [жазушы Төлен Әбдікұлының шығармашылығы туралы] / Б. Дәулетбаева // Қазақ әдебиеті – 2002. – 22 қараша.
30. Кекілбайұлы, Ә. Талантты ұрпақтың тағылымды келбеті [Мәтін] : жазушы Төлен Әбдікұлының шығармашылық кешінде сөйлеген сөзінен / Ә. Кекілбайұлы // Егемен Қазақстан. – 2002. – 29 қараша.
31. Кекілбайұлы, Ә. Адамстанға саяхат [Мәтін] : жазушы Төлен Әбдікұлы алпыста / Ә. Кекілбайұлы // Егемен Қазақстан. – 2002. – 4 қыркүйек.
32. Сүйінұлы, Е. Мен үшін ең үлкен қызмет – жазушылық қызмет [Мәтін] : ҚР Президенті аппаратының ішкі саясат бөлімі меңгерушісінің орынбасары Төлен Әбдікұлымен сұхбат / Е. Сүйінұлы // Қостанай таңы. – 2002. – 19 қараша.
33. Тұрғалиева, О. Пенделік мұң мен періште үміт жаршысы [Мәтін] : [жазушы Т. Әбдікұлының шығармашылығы туралы] / О. Тұрғалиева // Жалын. – 1997. - № 7. – 252-265 б

## 23 сәуір



**Әлмағамбетов  
Ақбайзен  
Туғанына 90 жыл  
(1928-2005)**

Өзінің саналы ғұмырын халықтың өмірін ұзартуға жұмсаған дәрігер Ақбайзен Әлмағамбетов 1928 жылы сәуірдің 23 жұлдызында Амангелді ауданындағы Қабырға ауылында дүниеге келген. Жастайынан дәрігер болуды армандаған ол 1948 жылы Алматы медицина институтына түседі. Бұл оқу орнын 1954 жылы тәмамдап Қостанай облысындағы Орджоникидзе аудандық ауруханасына дәрігер болып орналасады. Жас дәрігер бірнеше айдан кейін облыстық денсаулық сақтау бөлімінің меңгерушілігі қызметіне тағайындалады.

Бұл кезеңде ауылдық елді мекендердің барлығында дерлік емдеу орталықтары жоқ болатын. Жігерлі жастың табанды қимылдарының арқасында аудан орталығынан жаңадан аурухана үйі салынды, оларда



фельдшерлік- геникологиялық пункттер ашылды, шалғайдағы шаруашылық орталықтарында ауруханалар жұмыс істей бастады.

Ақбайзен Әлмағамбетов көп жылдар бойы аудандық аурухананың бас дәрігері, өкпе ауруы диспансерінің бас дәрігері қызметтерін қажырлы абыроймен атқарып, 1992 жылы дербес зейнеткерлікке шықты. Осы жылдар аралығында өз ісінің білікті және шынайы маманы екенін көрсете білді.

Сонымен қатар жергілікті жастардан кадр дайындауға және оларды тұрақтандыруға жете маңыз берді. Бүгінде оның шәкірттерінің бірі хирург Қазақ КСР-ның еңбек сіңірген дәрігері, КСРО денсаулық сақтау ісінің үздігі Бимағанбет Кенжебеков Амангелді аудандық ауруханасында 1965 жылы хирург болып бастап, осы уақытқа шейін еңбек етіп келеді.

Ақбайзен Әлмағамбетовтың үздіксіз жасаған еңбектері бағаланып «Қазақ ССР-інің еңбек сіңірген дәрігері», «Денсаулық сақтау қызметінің үздігі» деген құрметті атақтар беріліп, «Еңбек ардагері», «Еңбек даңқы», «Тың игеру» медалдарымен, Одақтық, Республикалық Денсаулық сақтау министрліктерінің, облыстық партия және атқару комитеттерінің Мақтау, Құрмет грамоталарымен марапатталған. Ол обком, аудандық партия және атқару комитеттерінің пленум мүшелігіне сайланды, аудандық кеңестің депутаты болып бірнеше рет сайланған.

Ел дәрігері атанған Ақбайзен Әлмағамбетов 2004 жылы шілде айында 78 жасқа қараған шағында дүниеден өтті.

### Ол туралы әдебиеттер:



34. Хайроллаұлы, У. Дәрігер [Мәтін] : [дәрігер Ақбайзен Әлмағамбетов туралы] // Тағылымды шежіре / Редакторы Кәки Аханов. – Арқалық: Арқалық қалалық баспаханасы, - 2003. – 15-16 б ; Қозыбаев, О. Жизнь замечательных людей в краю хлеба и металла [Текст] : встечи, беседы, диалоги. Книга шестая. – Алматы : РГЖИ «Дәуір», 1995. – 73 б.
35. Әлмағамбетов, Б. Қаз едік қатар ұшып қаңқылдаған [Мәтін] : [дәрігер Ақбайзен Әлмағамбетов туралы] / Б. Әлмағамбетов // Қостанай таңы. – 2006. – 25 қаңтар.
36. Хайроллаұлы, У. Ақбайзен мен дәрігер егіз ұғым [Мәтін] : [дәрігер Ақбайзен Әлмағамбетов туралы] / У. Хайроллаұлы // Арқалық хабары. – 2005. – 26 тамыз.
37. Ходенұлы, М. Асыл азамат, білікті дәрігер еді [Мәтін] : [дәрігер Ақбайзен Әлмағамбетов туралы] / М. Ходенұлы // Қостанай таңы. - 2005. – 28 қыркүйек.
38. Шәмшиев, Қ. Елге еңбегі сіңген азамат [Мәтін] : [дәрігер Ақбайзен Әлмағамбетов туралы] / Қ. Шәмшиев // Қостанай таңы. – 2005. – 17 тамыз.



Туғанына 90 жыл

(1927-2013)

Белгілі журналист, торғайтанушы Бөгетбай Әлмағамбетов 1927 жылы 13 қыркүйекте Қостанай облысы, Амангелді ауданындағы Торғай өзенінің Қабырға саласындағы Таймас қыстауында дүниеге келген. Алматыдағы Қазақ Мемлекеттік университетін, Жоғары партия мектебін бітірген.

Еңбек жолын 1946 жылы аудандық газетте тілші қызметінен бастаған.

1956-1971 жылдары осы газеттің бас редакторы қызметін атқарды. 1960 жылы Иманов атындағы кеңшардың партия ұйымының басшысы қызметінде, ал 1983 жылы «Торғай таңы» газетінің меншікті тілшісі болды. Баспасөз саласында жарты ғасырдан астам еңбек етіп, қаламының қуатымен ел өміріндегі айтулы оқиғаларды насихаттауға араласып, қарапайым тіршілік еткен, ауылдың мұң-мұқтажын баспасөз беттерінде әлеуметтік деңгейде көтерген қаламгер. Сонымен қатар ол облыс, ауданының қоғамдық саяси өміріне белсене араласып қызмет етті. Редактор ретінде ол ірі ұйымдастырушы, білікті маман биігінен көріне білді. Торғай тыңы игерілген алғашқы жылдарда және 70-ші жылдардың басында аудандық газеттің жұмысын жоғары деңгейге көтерді. Басылымның мазмұны жақсарды, таралымы да көбейді. Журналист кадрлардың шығармашылығы да нығая түсті. Газет облыстық және республикалық байқауларда жүлделі орындарға ие болды.

Бөгетбай Әлмағамбетов жас кадрларды тәрбиелеуде, олардың шығармашылық жағынан шыңдалуына қамқорлықпен қарай білді. «Алтын ұяға» айналған аудандық газетте белгілі қаламгерлер Ақан Нұрманов, Сәбит Досанов, Еренғайып Әбдіхалықов, Жұматай Сабыржанов, Кәкімбек Наржанов, Әбжан Әбілтаев және басқалар еңбек етті.

Ақындар айтысын, өнер фестивальдерін ұйымдастыруға және Амангелді ауданында мешіт салу жөніндегі қоғамдық негіздегі «Ынталы топты» басқарды. Аудан тарихынан, әдебиеті мен өнерінен деректер жинап, зерттеулермен шұғылданды. Торғайдың атақты әзілқой сықақшысы Жолдас Мұхамеджанұлы, ақындар Сейдахмет Бейсенұлы, Файзолла Сатыбалдыұлы, Құтжан Қанжығалин туралы және 1916 жылғы көтеріліс тарихынан көптеген деректер жинақтап, мерзімді баспасөз беттерінде жариялады. Торғай елінің ақын-жыршылары мен өнері жайлы очерктері мен зерттеулері «Торғай әуендері» (1983), «Торғайдағы азаттық

көтерілісі» (2000), «Торғай топжарғандары» (2005), «Сықақшы Ж. Мұхамбетжановтың әңгімелері» (2005) атты тарихи-танымдық кітаптары баспадан шықты. « Құрмет белгісі» орденімен, медалдармен марапатталған.

Белгілі қаламгер Бөгетбай Әлмағамбетов үлкен отбасының иесі болды. Зайыбы – Қазақстанға еңбек сіңірген мұғалім, ұзақ жылдар бойы орта мектептің директоры болған Жұпар Қазанғапова екеуі 5 қыз, 2 ұл тәрбиелеп өсірген ардақты ата-ана.

### Шығармалары:



39. Әлмағамбетов, Б. Торғай әуендері [Мәтін] : очерктер / Б. Әлмағамбетов. – Алматы: Өнер, 1983. – 115 б.
40. Әлмағамбетов, Б. Торғайдың топжарғандары [Мәтін] : зерттеулер, очерктер / Б. Әлмағамбетов. – Алматы, 2005. – 240 б.
41. Әлмағамбетов, Б. Қыруар жұртты қырдың- ау [Мәтін] : әзіл-сықақ әңгімелер / Б. Әлмағамбетов. – Қостанай. – 2005. –
42. Әлмағамбетов, Б. Қайтып орал, Торғайға! [Мәтін] : өлең / Б. Әлмағамбетов // Қостанай таңы. – 2005. – 1 ақпан.

### Ол туралы шығармалар:

43. Қозыбаев, О. Әлмағамбетов Бөгетбай [Мәтін] / О. Қозыбаев // Жизнь замечательных людей в краю хлеба и металла. – Алматы : РГЖИ «Дәуір», 1994. – 64 б.
44. Жолдастың әңгімелері [Мәтін] : [журналист Бөгетбай Әлмағамбетовтың «Қыруар жұртты қырдың-ау» атты кітабы туралы] // Қостанай таңы. – 2005. – 3 тамыз.
45. Теміржан, Қ. Сыр тартқан тарихтың тереңінен [Мәтін] : [журналист Бөгетбай Әлмағамбетовтың «Торғайдағы азаттық көтерілісі» кітабы туралы] / Қ. Теміржан // Қостанай таңы. – 2000. – 5 қыркүйек.



9 қаңтар

**Әлім Қайсар**  
Туғанына 70 жыл  
(1947)

Қазақ баспасөзінің қара шаңырағы «Егемен Қазақстан» газетінің қызметкері, жазушы Қайсар Әлім 1947 жылы 9 қаңтарда Қостанай облысы, Жанкелдин

ауданының Саға (Қызбел) ауданында туған. 1965 жылы Бестау орта мектебін бітіріп, арман қуып, журналистік оқуға түсуге Алматыға аттанды. Бірақ жолы болмай, қабылдау емтиханында неміс тілінен сүрінді. Оқудан бірден жолы болмаса да есесін кейін қайтарды. 1971 жылы Жамбыл жеңіл және тамақ өнеркәсібі технология институтының Алматы филиалын бітіріп, экономист мамандығын иеленді.

1984 жылы Алматы Жоғары партия мектебінің журналистика бөлімін бітіріп, дипломды журналист болды.

Ол журналистік еңбек жолын облыстық «Қостанай таңы» («Коммунизм таңы») газетінде бастап, онда 22 жыл жұмыс істеді. 1990 – 1997 жылдары республикалық «Егемен Қазақстан» газетінің бұрынғы Торғай облысындағы меншікті тілшісі болды. Оның есімі кезінде қалалық партия комитетінің Құрмет кітабында да жазылған, Журналистер одағы облыстық ұйымының сыйлығын да алған. Торғай облысы жабылған соң Ақмола облыстық «Арқа ажары» газетінің тілшісі, 1998-2000жж. ҚР Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігінде бас маман болды. Қазір осы басылымның аппаратында қызмет етеді.

Әлім Қайсар Қазақстанның Жазушылар одағының және Журналистер одағының мүшесі, он алтыдан кітаптың авторы. 2007 жылы жазушының сегіз томдық шығармалар жинағы жарық көрді. 1998 жылы М. Дулатов атындағы республикалық сыйлықтың иегері атанды. 2001 жылы Тәуелсіздіктің он жылдық құрметіне Президент Н.Ә. Назарбаевтың «Алғыс хатымен» марапатталды. «Ерен еңбегі үшін» медалінің иегері, 2004 жылы Торғай қаласының құрметті азаматы, 2007 жылы «Астана қаласының еңбек сіңірген қайраткері», ҚР мәдениет қайраткері.

Әлім Қайсардың ерекше бір ерлігі – ол алты алаштың ардақтысы Міржақып Дулатовтың сүйегін сонау Карелиядан 57 жылдан соң туған жеріне әкеп жерлеуге мұрындық болғаны. Сол сапардан кейін 1997 жылы жазған «Мұңды сапар» атты туындысы жарық көрді.

### **Шығармалары:**

- 46.Терең тамыр [Мәтін] : тарихи-этнографиялық хикаят / Қ.Әлім, С.Меңдібай.- Астана, 2009.- 848 б.
- 47.Актер тағдыры [Мәтін] : Қазақстан Республикасы халық әртісі Әнуар Боранбаев туралы естеліктер мен трагедиялық хикаят / Қ.Әлім.-Астана, 2008.-504 б.
- 48.Сырбай мен Ғафу. Эссе – хикаят. – Астана: Фолиант, 2003. – 192 б.
- 49.Арқалықтың арайлы шағын аңсау [Мәтін] : [Арқалық қаласы туралы үкімет назарына] // Егемен Қазақстан. – 2005. – 23 сәуір.



50. Журналист сыры [Мәтін] : [әңгімелерден үзінді] // Торғай таңы. – 1995. – 21 қараша.
51. Мықшеге : Деректі хикаят. – Алматы: Ана – тілі, - 1998. – 112 б.
52. Міржақып қайта жерленді [Мәтін] : [хикаяттан үзінді] // Торғай таңы. – 1993. – 1,5,7 қаңтар.



### Ол туралы:

53. Жақып, Ә. Торғай тарландары [Мәтін] : өмірбаяндық энциклопедиясы / Ә.Жақып.- Астана, 2009.- 1т.-31 б.
54. Әлім, Қ. Қазақстан жазушылары [Мәтін] : анықтамалық : 75 жыл / құраст. Саят Қамшыгер, Қайырниса Жұмашева. – Алматы, 2009.- 62 б.
55. Арғынбаев, Жұмағали. Журналистиканың қара нары [Мәтін]: [жазушы Қайсар Әлім туралы] / Ж. Арғынбаев. // Қостанай таңы.- 2007. - 16 қаңтар. – Б. 5.
56. Әсіпұлы, Сапабек. "Махаббат жыршысы" [Мәтін]: [жазушы Қайсар Әлім, жазушы Әзілхан Нұршайықов туралы] / С. Әсіпұлы. // Әдебиет айдыны.- 2007. - №18. – Б. 4.
57. Байжан, А. Махаббат жыршысы [Мәтін] : [жазушы Қайсар Әлімнің «Махаббат жыршысы» кітабы туралы] / А. Байжан // Торғай. – 2006. – 14 сәуір. – Б. 1.
58. Жүнісұлы, Ж. Қайсар Әлімнің қос жинағы [Мәтін] : [«Міржақыптың оралуы», «Сырбай мен Ғафу»] / Ж. Жүнісұлы // Қостанай таңы. – 2003. – 19 тамыз.
59. Байжан, А. Сырлы да ғажап әлем [Мәтін]: [журналист Қ. Әлімнің "Сырбай мен Ғафу" атты кітабы туралы] / А. Байжан // Торғай.- 2003. - 7 қараша. – Б. 4.
60. Әбілтай, Ә. Қайсар қазақ [Мәтін] : [өлең] / Ә. Әбілтай // Торғай таңы. 1997. – 6 қаңтар.
61. Жүнісұлы, Ж. Генерал жайлы хикаят [Мәтін] : [журналист Қ. Әлімнің «Адам ізі» кітабы жарыққа шығуы туралы] / Ж. Жүнісұлы // Қостанай таңы. -
62. Жүнісұлы, Ж. Қаламның қара нары [Мәтін] : [қаламгер Қайсар Әлім-61 жаста] / Ж. Жүнісұлы // Торғай таңы. – 1997. – 6 қаңтар.

### Мерзімді басылымдардағы жарияланымдары:

63. Әлім, Қ. Қызбелдегі ел қызыл су ішіп отыр [Мәтін] : [ауыз су мәселесі] / Қ. Әлім // Егемен Қазақстан.- 2011.- 16 шілде.- Б. 3.

64. Әлім, Қ. Бүгіннің атасы мен әжесі [Мәтін] : [әңгіме] : (болған оқиға) / Қ. Әлім // Егемен Қазақстан.- 2011.- 13 шілде.- Б. 14.
65. Әлім, Қ. Тағдыры беймәлім Хұсайын [Мәтін] : [мем. қайраткері Х. Ы. Бекентаев] / Қ. Әлім // Егемен Қазақстан.-2011.- 9 шілде.- Б. 3.
66. Әлім, Қ. Жан мөлдірлігі [Мәтін] : [жаңа кітап] / Қ. Әлім // Егемен Қазақстан.- 2011.- 8 шілде. – Б. 10.
67. Әлім, Қ. Жеке кітапхана жемісі [Мәтін] / Қ. Әлім // Егемен Қазақстан.- 2011.- 1 шілде. – Б. 6.
68. Әлім, Қ. Тибор, Қоңыр және Сейітбек [Мәтін] : [қыпшақ мадьярлары (Венгрия) туралы зерттеген Тибор Тот, қоңыр Мандоки және торғайлық қыпшақ Сейітбек Нұрханов] / Қ. Әлім // Егемен Қазақстан.-2011.- 29 маусым. – Б. 10.
69. Әлім, Қ. Бектұрды білесіз бе? [Мәтін] : [жазушы Ж.Аймауытовтың ұлы туралы] / Қ. Әлім // Егемен Қазақстан.-2011.- 21 маусым. – Б. 5.
70. Әлім, Қ. Қызбел және Қызгер [Мәтін] : [ақын Ғ.Қайырбековтың өлеңдері туралы] / Қ. Әлім // Егемен Қазақстан.-2011.-15 маусым. – Б. 16.
71. Әлім, Қ. Қазақтың Міржақыбы [Мәтін] : Моңғолияға жерленген Қарабай болуының ешқандай негізі жоқ / Қ. Әлім // Егемен Қазақстан.-2011.- 14 маусым. – Б. 7.
72. Әлім, Қ.Әзіз жүрек Әзаға [Мәтін] : [жазушы Ә.Нұршайықов] / Қ. Әлім // Егемен Қазақстан.-2011.- 26 наурыз.- Б. 7.
73. Мақалалар, сұхбаттар, әңгімелер: «Аллашыл жүрек» [Мәтін] : [жаңа кітап] / «Егемен-ақпарат» // Егемен Қазақстан- 2011.- 4 маусым.
74. Нұрбеков, Сәбит. Мұңы сейілмеген актер [Мәтін] : [жаңа кітап] / Сәбит Нұрбеков // Егемен Қазақстан.- 2011.- 22 ақпан.- Б. 12.
75. Достық әзілдер [Мәтін] / достық әзілдердің сөзімен қоса суреттерін де сүйкеген Сапар Әбілқәкімтегі // Қостанай таңы. – 2010. – 30 желтоқсан. – Б. 6.
76. Меңдібай, Сәлім. Соловкиден – Қызбелге [Мәтін] : [сұхбат] / Сәлім Меңдібай; Қ.Әлім // Қостанай таңы. – 2010. – 22 қазан. – Б. 7.
77. Дүйсекұлы, Сақтаған. «Терең тамыр» - қазыналы еңбек [Мәтін] : Көкшетаудан хат / Сақтаған Дүйсекұлы // // Қостанай таңы. – 2009. – 22 желтоқсан. – Б. 2.
78. Баязид, Жолбарыс қажы. Ұлыларын ұлықтау- абзал іс [Мәтін] : [«Терең тамыр» кітабы туралы] / Жолбарыс Баязид қажы // Қостанай таңы. – 2009. – 6 қараша. – Б. 4.

79. Жүнісұлы, Мағауия. Ру шежіресін білу – өмірлік қажеттілік [Мәтін] : [«Терең тамыр» кітабы туралы] / Мағауия Жүнісұлы // Қостанай таңы. – 2009. – 6 қараша. – Б. 4.
80. Баба аманаты – елдің берекесі [Мәтін] : ру басы, ел қорғаны Өтей батыр туралы тарихи-танымдық кітап жарық көрді / газ. ред // Қостанай таңы. – 2009. – 6 қазан. – Б. 2.
81. Тілеубай, Б. Әнуардың әлемі [Мәтін] : [«Актер тағдыры» кітабы туралы] / Б.Тілеубай // Егемен Қазақстан. – 2008. – 27 мамыр. – Б. 12.
82. Әсіпұлы, Сапабек. «Махаббат жыршысы» [Мәтін] : [жаңа кітап] / Сапабек Әсіпұлы // Әдебиет айдыны. – 2007. – 10 мамыр. – Б. 4.
83. Нұршайықов, Әзілхан. «Қаламсабыңды тастама!..» [Мәтін] : [60 жылдық мерейтой] / Әзілхан Нұршайықов // Егемен Қазақстан. – 2007. – 9 қаңтар. – Б. 8.
84. Меңдібай, С. Жеріме көңілге алған барып қалсам [Мәтін] : [60 жылдық мерейтой] / С.Меңдібай // Қостанай таңы. – 2007. – 5 қаңтар. – Б. 4.

**23 ақпан**

**Әмірханов Ғазез**

**Туғанына 90 жыл  
(1927-2005)**



Ұстаз Ғазез Әмірханов 1927 жылы Қостанай облысы, Жангелдин ауданының, Қызбел кеңшарында дүниеге келген. 1934 жылы Албарбөгет орта мектебін бітіріп, 1942 жылы Торғайдағы Ы. Алтынсарин атындағы мектеп жанынан ашылған бастауыш сынып мұғалімдерін даярлайтын үш айлық курсты тәмамдап, ауылда мұғалім болып қызмет атқарады.

1950 жылы Қостанайдағы Меңдіқара училищесін бітірсе, мұғалім бола жүріп 1955 жылы Алматыдағы Абай атындағы Мемлекеттік педагогикалық университетін үздік бітіреді. Содан ауыл мектептерінде мұғалім, мектеп директоры, аудандық оқу бөлімінің меңгерушісі қызметтерін атқарады. Білімді де зерек жас ұрпақты ата-бабалар дәстүріне сай тәрбиелеуде зор үлес қосты. Бүкіл ғұмырын жас ұрпаққа дәріс беруге арнаған Ғазез Әмірханұлы Республика мұғалімдерінің 4 - 6-шы съездерінің делегаты, «Қазақстанға еңбегі сіңген мұғалім», «Еңбектегі ерлігі үшін», «Белсенді қызметі үшін» орден, медальдарымен марапатталды.

1987-1990 жылдары Жангелдин ауданы музейінің директоры болып тағайындалып, А. Байтұрсынов, М. Дулатов, Ә. Жангелдин атындағы музейлерді мектептер жанынан ұйымдастырылған Шақшақ Жәнібек батыр, Ыбырай Алтынсарин мұражайларын ашуға көп еңбек сіңірді. Құрметті зейнеткерлікке шыққан соң да имандылық жолының ізгі қасиеттерін

насихаттап, Торғай кентінде медресе-мешіт ашуға басшылық жасап, оның алғашқы бас имамы болды.

1993 жылы Мекке шаһарына қажылық сапар шегіп, қажы атанып қайтты.

### Ол туралы әдебиеттер:



85. Бектемісов, Н. Ұлағатты ұстаз [Мәтін] : [ұстаз Ғазез Әмірханұлы туралы] / Н. Бектемісов // Торғай таңы. – 1987. – 24 сәуір.
86. Кенжеахметов, С. Ұлағатты педагог [Мәтін] : [ұстаз Ғазез Әмірханұлы туралы] / С. Кенжеахметов // Торғай таңы. – 1977. – 4 наурыз.
87. Мұқатов, Н. Ғибратты ғұмыр [Мәтін] : [мерейтой иесі ұстаз Ғазез Әмірханұлы жайлы] / Н. Мұқатов // Қостанай таңы. – 1997. – 19 қыркүйек.
88. Мұсабаев, Х. Қайраткер қажы [Мәтін] : [қажы Ғазез Әмірханұлы туралы] / Х. Мұсабаев // Қостанай таңы. – 2004. – 3 желтоқсан.
89. Саламат, Қ. Торғайдың төлқұжаты іспеттес азамат еді [Мәтін] : [ұстаз Ғазез Әмірханұлы туралы] / Қ. Саламат // Қостанай таңы. – 2006. – 27 маусым.
90. Тұрғынбеков, С. Бәйтерек [Мәтін] : [ұстаз Ғазез Әмірханұлының әулеті туралы] / С. Тұрғынбеков // Егемен Қазақстан. – 1997. – 30 желтоқсан.

24 наурыз

*Байқадамов Бақытжан*

**Туғанына  
100 жыл  
(1917-1994)**



Торғай өңірінен шыққан тұңғыш кәсіпқой композитор, қазақ музыкасын оның ішінде хор өнерін жоғары сатыға көтеруге үлкен үлес қосқан Бақытжан Байқадамов 1917 жылы 24 наурызда Торғай жерінде дүниеге келген. Әкесі Қаралдин Байқадам өз заманындағы сауатты, көзі ашық зиялылардың бірі болған.

1937 жылы ҚазҰУ-ін бітірген. 1954 жылы Алматы консерваториясының (қазіргі Қазақ ұлттық консерваториясы) композиторлық



факультетін (Е.Г. Брусиловскийдің класы бойынша) бітірген. 1941 жылы Қазақ радиосының хор жетекшісі, 1948-1952 жылдары Қазақ хорының, 1952-1960 жылдары Қазақ филармониясының көркемдік жағын басқарды. Осы жылдары «Почташы», «Су тасушы қыз», «Домбыра», «Кел достар», «Айгөлек», «Бөбегім», т.б. ойнақы әндер мен «Майра», «Тойбастар», «Он алты қыз» т.б. хорға арналған шығармалары дүниеге келді.

1969 жылдан өмірінің соңына дейін Қазақ қыздар педагогикалық институтында ұстаздық етті. Б. Байқадамов Қазақстанда көп дауысты хор музыка жанрын қалыптастыруға ерекше еңбек етті. «Жайлауға», «Біз бейбітшілік үшін» т.б. хорға арналған сюиталар, вокалдық композициялар, хорға арналған «Қыз арманы», «Айтыс», «Еңбек жемісі» атты көлемді поэмалар жазды. Қазақ хор капелласына, Арқалық қаласында саз мектебіне Бақытжан Байқадамовтың есімі берілді.

1998 жылы Б. Байқадамов тұрған үйге (Алматы қаласы, Төлебаев көшесі № 177-үй) мемориалдық ескерткіш тақта орнатылды.

### Ол туралы әдебиеттер:



91. Ауыпбаев, Ж. Әулет [Мәтін] : Очерктер. – Алматы : Жалын, Дария. – Б. 22-27.
92. Қаралдина, Д. Алма ағаштар гүлдегенде. – Алматы : Өнер. – 1991. – 160 б.
93. Қайырбеков, Ғ. Ән қанатын көтерген [Мәтін] : [композитор Б. Байқадамовтың туғанына 70 жыл] / Ғ. Қайырбеков // Қазақ әдебиеті. – 1987. – 10 сәуір.
94. Қожахметұлы, Е. Батыр ауылынан қанаттанған талант [Мәтін] : [композитор Бақытжан Байқадамовтың туғанына 75 жыл] / Е. Қожахметұлы // Торғай таңы. – 1992. – 7 мамыр. – Б. 3.
95. Байқадамова, К. Әні хордың көркі еді [Мәтін] : [композитор Бақытжан Байқадамовты еске алу] / К. Байқадамова // Қазақ әдебиеті. – 1993. – 2 сәуір. – Б. 14.
96. Мәмбет, С. Қазақстанды әнмен тербеткен [Мәтін] : [композитор Бақытжан Байқадамовтың туғанына 80 жыл] / С. Мәмбет // Егемен Қазақстан. – 1997. – 26 желтоқсан.
97. Хамзин, Б. Дархан дарын [Мәтін] : [композитор Бақытжан Байқадамовтың туғанына 70 жыл] / Б. Хамзин // Жаңа өмір. – 1987. – 24 наурыз.
98. Хасенова, Р. Сан қырлы талант иесі [Мәтін] : [композитор Бақытжан Байқадамовтың туғанына 85 жыл] / Р. Хасенова // Торғай. – 2002. – 26 сәуір.

27 шілде

**Құлжанова Нәзипа**  
**Туғанына 130 жыл**  
**(1887-1934)**



Қазақ интеллигенциясының көрнекті өкілі, ағартушы-педагог, этнограф, журналист-аудармашы Нәзипа Сегізбайқызы Құлжанова 1887 жылы 27 шілдеде Торғай облысы Жангелдин ауданында дүниеге келген

1902 жылы Қостанайдағы орыс-қазақ гимназиясын бітірген. 1903-1904 жылдары Торғайдағы қыздар училищесінде, 1905-1920 жылдары Семей қаласындағы оқытушылар семинариясында ұстаздық еткен. 1913 жылы Орыс географиялық Қоғамының Семей бөлімшесіне, «Азамат серіктігі» ұйымына мүше болған. Орыс географиялық Қоғамы Семей бөлімшесінің атынан 1914 жылы 26 қаңтарында Абай Құнанбаевтың қайтыс болғанына 10 жыл толуына орай және 1915 жылы 13 ақпанында Петроградтағы мұсылман ауруханасы мен мұқтаж қазақ шәкірттеріне қаржылай көмек көрсету мақсатында әдеби кештер ұйымдастырды. «Қазақ», «Сары-арқа» және «Алаш» газеттеріне әйел мәселесіне байланысты мақалалар жариялады.


1917 жылы Семей облысында өткен қазақ съезіне қатысып, оның төралқа құрамына енді. 1920 жылы Қырғыз (қазақ) АКСР Оқу-ағарту халық комиссариатының қазақ тілінде оқулықтар, кітаптар шығару мен баспасөз істері жөніндегі арнаулы комиссия құрамының мүшесі болған. Осы қызметте жүріп, жаңа қазақ әліпбиін енгізу жөніндегі ОК-ның құрамына мүшелікке енген.

1922 жылы «Еңбекші қазақ» газеті ред. Алқасының мүшесі, 1923-1925 жылдары «Қызыл Қазақстан», 1925-1929 жылдары «Әйел теңдігі» журналдарында жауапты қызметтер атқарған. «Мектептен бұрынғы тәрбие» (1923), «Ана мен бала тәрбиесі» (1927), «Халқыма іс қылдым» (1993), «Қызметімді өз халқыма арнадым» (1993) кітаптарын шығарды. Өнертанушы А.А. Затаевич Нәзипа Құлжановадан «Ғайни-ай, сәулем», «Қыздардың зары», «Жылқылы бай» әндерін жазып алған.

